

Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 09 қыркүйектегі № 414 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қыркүйекте № 2993 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қазандағы № 216 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 22.10.2024 № 216 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, 37 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құрманғазы аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Бектемировке жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № 398 "Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы" қаулысы жойылсын

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Баракатов

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 9
қыркүйектегі № 414 қаулысына
қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүліктің атауы	Салынған жылы	Теңгерім ұстаушысы
1		1973	"Атырау облысы Құрманғазы ауданы

	Қонақ үй ғимараты (жалпы ауданы 163,6 шаршы метр)		Азғыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
2	Жылу қазандығы ғимараты (жалпы алаңы 54,0 шаршы метр, бұзып алу жолымен)	1992	"Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі" мемлекеттік мекемесі
3	Жылу қазандығы ғимараты (жалпы ауданы 56,0 шаршы метр, бұзып алу жолымен)	1984	"С. Мұқанов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК